

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
көркем-эстетикалық бағытындағы бөлім қызметінің бағыттары

Бөлімнің мақсаты қосымша білім берудің бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Бөлім

- 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасы ұйымдарындағы тәрбие берудің кешенді бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу;

- көркем-эстетикалық бағытындағы перспективтік және жылдық жоспарлардың жобаларын құрастыру;

- Орталықтың жоспарына сәйкес бөлімнің есептерін дайындау;

- көркем-эстетикалық бағытындағы Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметі бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;

- балаларға қосымша білім беру қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды құрастыру;

- балалар музыка мектептеріне, балалар көркемөнер мектептеріне және өнер мектептеріне арналған білімділік бағдарламаларды құрастыру;

- республикалық конференцияларды, байқауларды, әдістемелік семинарларды дайындау мен өткізуіне қатысу;

- 208 Балалар музыка мектебінің, 31 Балалар көркемөнер мектебінің және 137 Балалар өнер мектебінің қызметтерін үйлестіру;

- балаларға қосымша білім беруді дамытуына бағытталған білім беру мекемелерімен байланысты іске асыру.